

М.Оспанов атындағы Батыс қазақстан Мемлекеттік Медицина
Университеті



Жалпы гигиена және экология
Жеке және ұжымдық қорғаныс әдістері.

Орындаған: Жумагулова.А.С

502топ Медико-профилактикалық іс

Тексерген: м.ғ.к Бердешева.Г.А

Ақтөбе 2016ж

Жоспар

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

- Халықты радиациядан қорғау.
 - Жеке қорғану әдістері
- Ұжымдық және медициналық қорғану әдістері

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Халықты радиациядан қорғау радиациялық қауіп туралы хабарды, ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын, радиоактивті заттармен ластанған аумақта өзін-өзі ұстау тәртібін, азық-түлік пен суды радиоактивті ластанудан қорғауды, медициналық жеке қорғаныс құралдарын пайдалануды, аумақтың ластану деңгейін анықтауды, халықтың сәулеленуін дозиметрлік бақылауды және радиоактивті ластанған азық-түлік пен суға сараптама жүргізуді қамтиды. Хабарлау дабылы бойынша ТЖ және АҚ органдарының ақпаратын тындағаннан кейін халық панаханаға жасырынуға тиіс.

Радиация үшырау қауіпіне байланысты жергілікті жерде радиациянын жоғары деңгейі болғандықтан алғашқы медициналық кө-мекті көрсетуге болмайды. Бұл жағдайда өз-өзіне және өз ара көмек көрсетудің, зақымданған аумақтағы өзін-өзі ұстау тәртібін сақтаудың маңызы зор.

8 жасқа дейінгі балаларға толық дозада беретін № 1 радиациядан қорғау құралын қоспағанда АИ-2-дегі медициналық құрал-дарды бір рет қабылдауға ересектерге 1/4, 8-15 жастағы балаларға 1/4 дозасын береді.



Радиациялық зақымдану қауіпін алу қауіпіне байланысты жергілікті жердегі радиация деңгейінің жоғарлығына орай халыққа медициналық көмек көрсетуге болмайды. Бұл жағдайда зардап шегуші халықтың өз-өзіне және өзара көмек көрсетуінің, зақымданған аумақта өзін-өзі ұстау тәртібін сақтаудың маңызы зор.

Радиациялық заттармен уланған аумақта тамақ ішуге, ластанған су көздерінен су ішуге, жерге жатуға болмайды. Халықтың азық-түлік пен тамақ даярлау тәртібін Азаматтық қорғаныс органдары жердің радиоактивті ластану деңгейін ескере отырып анықтайды.



Жеке қорғаныс 2 бөлінеді



**Тыныс алу
мүшелерін
қорғайтын**



**Тері жамылғысын
қорғайтын**

Тыныс органдарын қорғау құралдарына противогаздар, респираторлар және қарапайым қорғау құралдары жатады. Противогаздар изоляциялық және фильтрлік болып бөлініп, азаматтық, жалпы әскерлік және балаларға арналған түрлерден тұрады. Изоляциялық противогаздар адамдарды ауа құрамындағы зиянды заттардан қорғаса, ал фильтрлік противогаздар ауадағы әр түрлі зиянды қоспалардан фильтр арқылы тазалап қорғайды.



Теріні қорғайтын құралдар қорғау және қорғауға икемднлген күнделікті пайдаланатын киімдерден тұрады. Қорғау киімдері изоляциялық (жалпы әскелік қорғаныс комплекті, жеңіл бөлуші костюм Л-1 және т.б.) және фильтрлік (қорғаныс фильтрлі киім ЗФО-52 және т.б.) болып бөлінеді. Егер қарапайым киімдерге сабындымайлы эмульсияны сіңірсе, оны қорғаныс құралдары ретінде пайдалануға болады.



Медициналық қорғаныс құралдары Медициналық қорғаныс құралдары радиоқорғаныс құралдарынан, антидоттардан, бактерияға қарсы құралдардан және жартылай санитарлық тазалау құралдарынан тұрады. Радиоқорғаныс құралдары бұл адам организмін радиоактивті заттарға қарсы төтеп беру мүмкіншіліктерін арттыратын препараттар. Антидоттар деп улы заттарды адам организмiнен жоюға арналған препараттарлы айтады. Антибактериялдык құралдарды биологиялық қауiпте пайдаланады. Жартылай санитарлық тазалау құралдарына ИПП-8 пакетi, АИ-2 жеке аптечкалары жатады.



Радиациялық зақымданудан сақтану жеке дәрі-дәрмек қобдишасындағы радиациядан қорғау құралдарымен жүргізіледі.

Жеке дәрі-дәрмек қобдишасы өз-өзіне және дара көмек көрсетуге және өткіш радиациямен, улағыш заттармен және бактериал-дық құралдармен зақымданудың алдын алуға арналған. Ол меди-циналық құралдар тұратын массалық пеналдарды орналастыруға арналған жеті ұясы бар қорапшадан тұрады.

АИ-2 пластмасса қорапшасындағы ұялар бойынша бөлінген медициналық құралдардың жиыны. Көлемі - 90x100x20 мм, массасы -13кг.



● Қобдиша ұяларында мынадай медициналық құралдар орналасқан:

-1. ұя- резервтік, ауруды басатын дәрмектері бар шприц-түтікті салуға арналған. Сүйек сынғанда, үлкен жарақат алған және дене күйген кезде пайдаланылады.

2 ұя - қызыл түсті пеналды (фосфорлы-органикалық заттарға қарсы антидот таблеткалары). Зақымдану ошағына шығардың алдында жеке сақтандыру дәрмегі ретінде бір таблеткадан пайдаланылады. Алғашқы зақымдану пайда болған кезде тағы бір таблетканы қабылдайды.

- 3 ұя - үлкен ақ пеналды № 2 бактерияға қарсы дәрі-дәрмек, таблетканы асқазан-ішік ауруы кезінде

радиациялық сәулеленуден

кейін қабылдайды алғашқы тәуліктерде жөті таблеткадан қабылдайды, екі және үш күннен кейін тәулік сайын төрт таблеткадан.

-4үя - алқызыл түсті екі пеналда II радиациядан қорғау дәрмегі, барлығы 12 таблетка. Таблеткаларды сәулелену басталғаннан - 60 мин бұрын радиоактивтік зақымдану қауіпі кезінде жеке сақтандыру үшін қабылдайды

- 5 үя - екі ақ пеналда, кеңінен қолданылатын антибиотик 11 бактерияға қарсы дәрі-дәрмек барлығы 10 таблетка. Таблетканы жараланған және күйген көздө қабылдайды - алғашқыда 5 таблет-

кадан, ал 6 сағаттан кейін тағы да 5 таблеткадан.

- 6 үя - ақ түсті пеналда № 1 радиациядан қорғау дәрмегі. Таблетканы адам радиоактивті затпен зақымданған аумақта жайылған сиырдың сүтін ішкен жағдайда қабылдайды 10 күн бойында күн сайын бір таблеткадан. Барлығы 10 таблетка.

- 7 үя - көк түсті пеналда күсуға қарсы дәрі-дәрмек, барлығы 5 таблетка. Бас сыдырылғанда, қатты соққы тигенде және контузия алғанда сәуленің бастапқы әсері кезінде бір таблеткадан қабылдайды.

Халықты қорғаудың ұжымдық құралдары – тұрғындарды апат, зілзала салдарынан, сондай-ақ кәзіргі замандағы қырып-жою құралдарының зақымданғыш факторларының қорғаудың ең негізгі тәсілдерінің бірі. Солардың бірі- адамдарды ұжымдық қорғау құралына жататын қорғаныс ғимараттарына жасыру. АҚ және ТЖ жүйесінде пайдаланылатын мұндай ғимараттарға панаханалар, радиациядан қорғау орындары (РҚО) және қарапайым жасырыну орындары жатады.



Панаханалар толқын соққысынан, жарық сәулесінен, өткір радиациядан және радиоактивті зақымданудан, ядролық жарылыстың зақымданғыш факторларынан, сондай-ақ уланғыш заттардан (УЗ), бактериалдық құралдар мен қатты әсер ететін улы заттардан (ҚУЗ) сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Өндіріс күштерін қазіргі заманғы қырып-жою құралдарынан, зілзаладан, радиациялық және химиялық қауіпті объектілердегі апаттардан қорғау – маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі. Қорғаныс ғимараттары адамдар жасырынуға тиіс жерлерге мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс.



Қорытынды

Қорытындылай келе, Жеке қорғаныс құралдары қозғалуы кезінде кедергі келтірмейтін ыңғайлы болуы және жұмысшылардың өз өлшемімен берілуі тиіс .

Талапқа сай емес және қолдау мерзімінен өтіп кеткен арнайы киімдер мен аяқ киімдерін жұмысшы тарапынан әсерсіз оны ауыстыру қажет .

Әдебиеттер тізімі

1. Өмір – тіршілік қиуіпсізгі: С.Арпабеков. – Алматы, 2004.
- 2.
3. Санитарно гигиенические требования по обеспечению безопасности. СанПиН –Астана,2003.
4. Ушаков И.Б., Афанасьев Р.В., Березин Г.И., Зуев В.Г. Обедненный уран: радиационные и экологические аспекты безопасности // Военно-медицинский журнал. – 2003. – Т. 324, № 4